Жоғарыда аталып өткен көрсеткіштер негізгі құралдардың босатылуының үдемелі қарқындылығын сипаттайды. Негізгі құралдардың жағдайын бағалаудың осы аталған көрсеткіштері кезең басы мен соңына есептелінеді. Есептеу барысында олардың динамикасы, бір-біріне тәуелділігі, пайдалану тиімділігі анықталады.

Кәсіпорын активтерін талдау кезінде, олардың қалай таратылғанын және есепті жылы неге көбірек көңіл бөлгенін, сондай-ақ кәсіпорынның өндірістік күш қуаты мен оның негізгі құралдарының жағдайын және кәсіпорын мүлкінің мобильділігін (іске тарту деңгейін) анықтау үшін, кәсіпорынның өндірістік әлеуетінің көлемін анықтау керек.

Алайда, кәсіпорынның мүлік құнының өсу себептерін талдағанда, жоғары деңгейі балансты есептің номиналды көрсеткіштерінің нақты көрсеткіштерден айталықтай ауытқуына әкеліп соқтыратын инфляция әсерін ескеру қажет. Отандық тәжірибеде инфляцияны еске алу тек негізгі құралдардың баланстық құнын құру барысында жүргізіледі.

Баланс валютасындағы ағымдағы активтер үлесін анықтау маңызды: ағымдағы активтер құнының кәсіпорынның барлық мүлкінің құнына қатынасымен анықталатын кәсіпорын активтерінің іске тартылу (мобильді) коэффициентінің өсуі. Ол қарызды өтеуге арналған қаражат үлесін сипаттайды. Коэффициент мағынасы артқан сайын кәсіпорынның үздіксіз жұмысты қамту және кредиторлармен есеп айырысу мүмкіндігі де арта түседі. Бұл қатынастың қолайлы және қалыпты көлемі, кәсіпорынның салалық ерекшеліктеріне байланысты. Өндірістік кәсіпорындарда берілген көрсеткіштің деңгейі 0,5-тен төмен болмауы тиіс.

Кәсіпорын балансының пассив бөлімінде танылған меншікті капитал мен міндеттемелер кәсіпорынның өндірістік қызметін қаржыландыру көздері болып табылады.

Меншікті және қарыздық қаражаттардың арасындағы ұтымды ара қатынас өзара іс-қимыл мен кәсіпорынның жоспарлы және әдістемелік мақсаттарының иерархиясына байланысты, объективті және субъективті жағдайларда қалыптасқан нарықтың барлық түрлерінің жағдайы есептеулерде алынған мәндерімен сәйкес келе бермейді. Ұтымды арақатынас нақты санмен емес, ол тек осы уақыттағы нақты шешімдерді қабылдау үшін бағыт-бағдар болуы тиіс.

Баланстың пассив бөліміндегі қарызға алынған қаражаттардың жоғары үлес салмағы дәрменсіздік (банкроттық) тәуекелінің ұлғаюын көрсетеді. Егер компанияның негізгі меншікті қаражат көзі болса, онда қаржылық тепе-теңдікті жоғалту қаупі айтарлықтай төмендейді, бірақ акционерлер

жоғары дивидендтер ала алмайды. Бұл жағдайда олар компания пайданы барынша өсіру мақсатын көздемейді деп санап, өздеріне тиесілі акцияларын сатулары мүмкін, сол арқылы олардың нарықтық құнын төмендетеді. Капиталды қалыптастырудың басты міндеттерінің бірі - берілген табыстылық және тәуекелділік деңгейін ескере отырып, оның құрылымын оңтайландыру - әр түрлі әдістермен жүргізіледі.

Тәжірибеде, кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау барысында бухгалтерлік баланстың меншікті капиталдың соммасын білдіретін «капитал және резервтер» пассиві бөлімінде кері мәні бар жағдайлар көп кездеседі. Мұның себебі: жарғылық капиталдың құнының төмен болуы; өткен жылдардағы және есепті кезеңдегі шығындар. Мұндай жағдайларда төлемге қабілетсіз кәсіпорындардың талдау әдістері қолданылады. Төлем қабілетсіздігінің белгісі ретінде, айналымнан тыс активтерді сатпаған жағдайда өз қаржылық міндеттемелерін өтеу мүмкін болмайтындығын сипаттайтын баланс құрылымының қанағаттандырылмауы жатады [6].

Сонымен, кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың негізгі мақсаты – қаржылық қызметтегі кемшіліктерді уақтылы анықтау және жою, сондай-ақ кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен оның төлем қабілеттілігін жақсартуға резервтер табу. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы қаржылық есептілікте көрсетілетін жағдайды және олардың қаражатын пайдалануды сипаттайды.

Осылайша, қорыта келе кәсіпорында қаржылық талдаудың құндылығы, кейбір жағдайларда бухгалтерлік есептіліктің кәсіпорынның қызметі туралы бірден-бір қолжетімді ақпараты болып табылатындығынан көрінеді. Меншікті қаржылық ахуалды бағалау үшін сондай-ақ басқарушылық есептілікті, яғни кәсіпорынның есеп саясатын қолданылады. Алайда, кейбір кіші кәсіпорындар да басқарушылық есептілік жүйесі болмауы да мүмкін. Қандай жағдай болмасын бухгалтерлік есептілікті талдауды қолданбай қалуға болмайды, өйткені оның нәтижесі кәсіпорынның қызметін «сырт көз сыншы» дегендей, сырттан бақылауға мүмкіндік береді, әрі оны басқа ақпаратқа қол жеткізе алмаған өзгеде адамдар көре алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Колчиной Н.В. Финансы организаций (предприятий): учеб. для вузов / Под ред. Н.В. Колчиной. – 5-е изд., перераб. и доп. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2011. – 407 с.*
- 2. Володина А. А. Управление финансами. Финансы предприятий: учебник / Под ред. А.А. Володина. – 2-е изд. – М.: ИНФРА-М., 2012. – 509 с.*
- 3. Айналым капиталының негізгі элементтерін басқару әдістері // Банки Казахстана: – 2011. – №11. – 12 б.*
- 4. Миржакыпова С.Т., Аппакова Г.Н. Основы бухгалтерского учета по МСФО / С.Т. Миржакыпова., Г.Н. Аппакова. – Алматы, 2011.*
- 5. Абленов Д.О. Қаржылық аудит және талдау: теория, әдіснама, практика: оқу құралы / Д.О. Абленов. – Алматы: Экономика, 2010. – 528 б.*
- 6. Казахстан // Бюллетень бухгалтера. – 2012. – №31. – 19 с.*

А. Кумісбек¹

З.У. Джубалиева¹

*¹ Қазақстанның миллионналық педагогикалық университетінің атына
г. Алматы, Қазақстан*

ПОДХОДЫ К ОЦЕНКЕ СТОИМОСТИ БРЕНДА

Аннотация

В современных условиях посткризисного развития, одним из важных вопросов деятельности предприятий является обеспечение и сохранение конкурентоспособности при выходе на внутренний и внешний рынки. Эффективное применение инструментов маркетинга и менеджмента, развитие отношений с потребителями требуют постоянного внимания к изучению целевых аудиторий, оценке восприятия реализуемых стратегий, а также важен постоянный поиск новых идей, который возможен благодаря изучению новых технологий, внедрению креативных решений. Любой товар при появлении на рынке создает о себе некоторое впечатление – положительное или отрицательное, оно появляется неизбежно, как только потребитель узнает о товаре. Исследование различных аспектов брендинга на протяжении последних лет способствует выявлению новых возможностей его эффективного использования в развитии конкурентоспособности предприятий. Целью данной статьи является рассмотрение содержания и значения брендинга в современных условиях, а также подходов к оценке стоимости бренда. Рассмотрены существующие методы оценки стоимости бренда компании, их особенности. Отмечена роль оценки стоимости бренда в обеспечении устойчивых позиций предприятия на рынке.

Ключевые слова: бренд, брендинг, бизнес, анализ бренда, стоимость бренда, конкурентоспособность товара.

Аңдатпа

А Кумісбек¹, З.У. Джубалиева¹

*¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

Брендті бағалауға арналған тәсілдер

Қазіргі дағдарыстан кейінгі даму жағдайында, кәсіпорын қызметінің маңызды мәселелерінің бірі сыртқы және ішкі нарыққа шығу барысында бәсекелестікті сақтау болып отыр. Маркетинг пен менеджмент құралдарын тиімді қолдану, тұтынушылармен қарым-қатынасты жақсарту мақсатты аудиторияны зерттеуге, жүзеге асыратын стратегияларды қабылдауды дұрыс бағалауға, сондай-ақ, жаңа технологияларды зерттеу арқылы, креативті шешімдерді енгізу арқылы үнемі жаңа идеяларды іздестіруге ұдайы көңіл бөліп отыруды талап етеді. Нарықта пайда болған

жаңа өнім өзі жайында белгілі пікірлер қалыптастырады – теріс немесе оң көз-қарас. Брендингтің соңғы жылдардағы түрлі аспектілерін зерттеу кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін дамытуда оны тиімді пайдаланудың жаңа мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Осы мақаланың мақсаты брэндингтің қазіргі жағдайдағы мазмұны мен маңыздылығын, сондай-ақ бренд құндылығын бағалау тәсілдерін зерттеу болып табылады. Компанияның бренд құндылығын бағалаудың қазіргі әдістері, олардың ерекшеліктері қарастырылады. Кәсіпорынның нарықтағы тұрақты позициясын қамтамасыз етуде брендтің бағалауының рөлі атап өтілді.

Түйін сөздер: бренд, брендинг, бизнес, бренд талдауы, бренд құндылығы, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі.

Abstract

Kumisbek A.¹, Dzhubaliyeva Z.U.¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

Approaches to estimating value of brands

In modern conditions of post-crisis development, one of the important issues of enterprises' activity is ensuring and maintaining competitiveness when entering the domestic and foreign markets. Effective application of marketing and management tools, development of relations with consumers require constant attention to the study of target audiences, perceptual evaluation of implemented strategies, as well as the constant search for new ideas, which is possible due to the study of new technologies, the introduction of creative solutions. Any product when it appears on the market creates an impression of itself - positive or negative, it appears inevitable, as soon as the consumer learns about the product. The study of various aspects of branding over the last years helps to identify new opportunities for its effective use in the development of enterprise competitiveness. The purpose of this article is to examine the content and equity of branding in modern conditions, approaches to valuation of the brand. The existing methods of valuation of the company's brand value, their features are considered. The role of the evaluation of the role of the brand in ensuring a stable position of the enterprise in the market is noted.

Keywords: brand, branding, business, brand analysis, brand value, product competitiveness

Как показывает анализ деятельности многих казахстанских предприятий, обеспечение конкурентных устойчивых позиций на рынке сопряжено с преодолением различных препятствий, связанных с изменениями во внешнем окружении, а также сложностью перестраивания деятельности с учетом современных условий развития рынка, отражающих расширение процессов глобализации, рост конкуренции, снижение определенности [1].

В данной статье рассмотрено понятие брендинга, методы оценки стоимости бренда и роли получаемых результатов в формировании или корректировке стратегий маркетинга.

Развитие товарного производства в течение последних десятилетий привело к перегрузке рынка продуктами массового спроса. Понимая, что их продукты не отличаются друг от друга своими функциональными особенностями, производители стали прибегать к использованию эмоциональных составляющих продуктов, называемых брендами. То есть в современном мире бренд становится ключевым условием существования продукта. Поэтому в современных условиях брендинг любого продукта – скорее не прихоть, а необходимость. При подготовке конкурентных стратегий входа на рынок все больше ведущих компаний фокусируется на создании и разработке хорошей стратегии брендинга как одного из самых важных факторов для завоевания доли рынка, потому что именно успешный бренд может сделать продукт известным. В противном случае неадекватный выбор обеспечит неудачу даже лучшему товару. Несмотря на понимание важности бренда в маркетинговой деятельности, в различных сферах и на различных рынках практика ее использования и масштабы научных исследований достаточно различны.

Любой товар при появлении на рынке создает о себе некоторое впечатление – положительное или отрицательное, оно появляется неизбежно, как только потребитель узнает о товаре. Эти ассоциации, восприятие товара потребителем, и называются брендом. **Бренд – это некое впечатление о товаре в умах потребителей, ярлык, который мысленно наклеивается на товар.** Процесс создания бренда и управления им называется брендингом. Он может включать в себя создание, усиление, репозиционирование, обновление и изменение стадии развития бренда, его расширение и углубление. Брендинг – это приемы создания особого впечатления, которые вносят свой вклад в общий имидж и в отношении целевого сегмента рынка к бренду [2].

В самом широком смысле бренд является средоточием всех ожиданий и мнений клиентов, персонала и других заинтересованных сторон об организации, ее продуктах и услугах. Однако, при рассмотрении брендов как бизнес-активов, которые могут быть куплены, проданы и лицензированы, требуется более технический подход.

В процессе исследования вопросов брендинга и подходов к оценке стоимости брендов использовались методы логического, статистического анализа. Исследование различных аспектов брендинга на протяжении последних лет способствует выявлению новых возможностей его эффективного использования в развитии конкурентоспособности предприятий.

Исследованию проблем развития брендинга посвящены труды Аакера Д., Альбы Дж.В., Барлоу Дж.Д., Гренрооса К., Ривза Р., Гэда Т., Райса Эл., Траута Дж., Девиса С.М., Ильгильери Л., Йорхимштайнера Э., Каплана Р.С., Капферера Ж.Н., Келлера К.Л., К Левитта Т.,

Панкрухина А.П. и др. [3, 4, 5]. Исследователями постоянно выявляются различные факторы, определяющие роль бренда в обеспечении конкурентоспособности товара, а также возможные подходы, позволяющие оценить вклад усилий по созданию бренда в обеспечение его узнаваемости и популярности на рынке. Наряду с существующими и потенциальными потребителями, влияние бренда может распространяться на сотрудников и бизнес партнеров организаций-производителей, в том числе инвесторов, торговых посредников и т.п. (рисунок 1) [6].



Рисунок –1. Влияние брендов на инвесторов, акционеров и других участников коммерческой деятельности предприятия [6]

Бренд следует рассматривать в контексте бизнеса, в котором он оперирует. По этой причине обязательной частью любой оценки бренда является оценка бизнеса, имеющего бренд. Оценка бренда имеет решающее значение для создания сильного бренда. Он обеспечивает надлежащее направление ресурсов для получения максимальной ценности: в частности, он помогает компании определить правильный уровень маркетинговых расходов и наложить плату за лицензирование бренда, которые точно отражают полученную выгоду. Кроме того, оценка бренда позволяет оценить эффективность и эволюцию бренд-менеджера и создать систему стимулирования, помогающую в процессах принятия решений и реализации маркетинговых мероприятий. Вместе с тем, несмотря на важность вопроса, проведенное исследование свидетельствует о том, что рассмотрению методов оценки стоимости брендов

посвящено относительно меньшее количество публикаций, по сравнению с другими вопросами управления брендами.

В теории и практике маркетинговой деятельности рассматриваются различные методы оценки стоимости бренда, которые подразделяются на: доходные и расходные, рыночные и бухгалтерские, и другие, основанные на определении денежного потока, создаваемого брендами. Как отмечается специалистами, использование ряда методов на основе различных критериев и оснований не позволяет видеть полной картины для оценки стоимости бренда. В связи с этим, сложно выделить какой-то оптимальный подход для оценки стоимости бренда. Наиболее часто применяемыми отмечаются методы, основанные на затратном, доходном и экспертном подходах. Методы, основанные на доходном подходе, в свою очередь подразделяются на методы, учитывающие и не учитывающие будущие продажи. Также методы оценки стоимости брендов подразделяются на методы фактической и относительной стоимости, когда стоимость бренда выражается в денежных единицах, либо в индексах, баллах, экспертных оценках, или относительно других брендов, на основании информации о товарах-аналогах [7].

Экспертный подход подразумевает набор методик, оценивающих долю генерируемой брендами прибыли. Данный подход считается универсальным, хотя получаемые оценки могут носить субъективный характер. Кроме того, получаемые данные могут характеризоваться значительными колебаниями, в зависимости от балльных оценок.

Таблица –1. Методы оценки стоимости бренда

группа методов	затратный	доходный		экспертный
		с учетом будущих продаж	без учета будущих продаж	
Относительной стоимости	Метод восстановительной стоимости марки	Метод ценовой премии	Рыночная оценка	Метод экспертных оценок
		Метод освобождения от роялти	Метод дохода по акциям	метод Interbrand/Financial World
				Young&Rubicam Brand Asset Valuator
			Метод дисконтной ставки	Brand Equity Ten
V-RATIO Brand Valuation& Analysis				

		Метод освобождения от роялти	Метод роялти	Метод индексов стоимости бренда
Фактической стоимости	Метод суммарных издержек или затрат	Метод будущих доходов	Метод остаточной вмененной стоимости	
	Activity Based Costing		Метод вычисления стоимости активов	
	оценка стоимости Event Brand		Метод на основе отчислений за использование марки	

Примечание – таблица приведена по источнику [7]

Данные подходы к оценке стоимости бренда обладают различными особенностями, достоинствами и недостатками, поэтому могут использоваться в сочетании, дополняя те или иные подходы. Вместе с тем, большинство известных методов оценки стоимости бренда характеризуются недостаточной наглядностью процедуры расчетов, основываются на ограниченном объеме рыночной информации. Различные методологии оценки приводят к расхождениям, что может зависеть от используемых переменных оценки. Трудность оценки бренда определяется также определением бренда. Хотя каждое предприятие имеет имя, которое определяет его личность, убеждения, некоторые бренды выходят за рамки простой этикетки. Бренды включают в себя различные потенциальные аспекты, такие как:

- товарные знаки,
- торговые названия,
- рецептуры продуктов/рецепты,
- маркетинговые материалы,
- руководства по стилю,
- веб-сайты и URL-адреса,
- уникальная упаковка / знаки отличия.

Поэтому первая причина сложности возникает из-за того, что в покупке может присутствовать более одного элемента.

При рассмотрении подходов к оценке стоимости брендов кроме других условий немаловажным является количество выпускаемых компанией брендов. В случае, если у компании существует монобрендовая

архитектура, один бренд закрепляется за всеми выпускаемыми товарами. В более распространенной ситуации, когда компания владеет несколькими брендами, стоимость бизнеса относится к стоимости активов и потоку доходов того направления бизнеса, которое привязано именно к этому бренду. При этом оценивается вся цепочка создания стоимости бренда, чтобы понять связи между маркетинговыми инвестициями, данными отслеживания бренда, поведением заинтересованных сторон и стоимостью бизнеса, чтобы максимизировать доход, который владельцы бизнеса могут получить от своих брендов [5].

Важное значение в определении состояния развития бренда является выявление вклада бренда. Показатели стоимости брендов, содержащиеся в рейтинговых таблицах, относятся только к потенциально передаваемым активам бренда, но для маркетологов и менеджеров оценка общего вклада бренда в бизнес дает понимание сущности, причин и взаимосвязей, помогающих оптимизировать деятельность компаний. Вместе с тем, вклад бренда характеризует собой общее увеличение стоимости акций, которое бизнес получает от владения брендом.

Бренды влияют на различные заинтересованные стороны, как было отмечено, не только на клиентов, но также и на персонал, стратегических партнеров, регуляторов, инвесторов и других, оказывая существенное влияние на финансовую стоимость, превышающую то, что может быть куплено или продано во время транзакции.

Для характеристики значения оценки стоимости бренда в развитии маркетинговой деятельности был рассмотрен один из методов оценки бренда, разработанный с участием компании Brand Finance, и признанный во всем мире как стандарт ISO [6]. Он определяет бренд как «маркетинговый нематериальный актив, включающий, но не ограничивающийся названием, терминологией, знаком, символом, логотипом, дизайном, или их комбинацией, предназначенный для идентификации товаров или услуг, создающий отличительные образы и ассоциации в сознании участников бизнес-процесса и, таким образом, создающий экономические выгоды и стоимость». Одним из результатов методики оценки бренда, предлагаемой Brand Finance, является определение силы бренда, непосредственно и легко поддающаяся влиянию тех, кто отвечает за маркетинг и управление брендами. Чтобы определить силу бренда, используется Индекс силы бренда (BSI). Компания анализирует маркетинговые инвестиции, капитал бренда (гудвилл, созданный клиентами, сотрудниками и другими заинтересованными сторонами) и, наконец, влияние этих факторов на эффективность бизнеса. Современные системы учета определяют гудвилл как меру позитивного отношения финансовых рынков к будущему

компания и выделяют ее на конкретные элементы, которые привели к ее созданию, такие как бренды, патенты, базы данных и ноу-хау.

После анализа бренду присваивается значение Индекса BSI от 0 до 100 баллов, которое вводится в расчет стоимости бренда. На основе значения индекса каждому бренду присваивается рейтинг между AAA + и D в формате, аналогичном кредитному рейтингу. Бренды с рейтингом AAA + являются исключительно сильными и хорошо управляемыми, соответственно слабому бренду присваивается рейтинг D [6].

Согласно метода компании Brand Finance стоимость брендов определяется с помощью таблиц рейтингов, используя «Метод отчислений роялти». Этот подход предполагает оценку вероятных будущих продаж под эгидой бренда и расчет ставки роялти, которая могла бы взиматься за использование бренда, то есть того, сколько владелец должен был бы заплатить за использование бренда, если бы он ему не принадлежал.

Процесс этой методологии включает следующие этапы [6]:

1. Расчёт силы бренда по шкале от 0 до 100, основываясь на ряде факторов, таких как эмоциональная связь, финансовые показатели и устойчивость, и т.д. Этот показатель известен как Индекс Силы Бренда и рассчитывается с использованием данных бренда из базы данных BrandAsset®. Valuator – крупнейшей в мире базы данных брендов, которая измеряет капитал бренда, вознаграждение и факторы эмоциональных образов для оценки индивидуальности бренда агностическим методом.

2. Определение диапазона ставок роялти для соответствующих брендовых секторов. Это производится путем анализа сопоставимых лицензионных соглашений, взятых из обширной базы данных Brand Finance о лицензионных соглашениях и других онлайн-баз данных.

3. Расчёт ставки роялти. Чтобы получить ставку роялти, на диапазон ставок роялти накладывается значение показателя силы бренда.

4. Определение доходов от конкретных брендов, оценивается долей доходов материнской компании, относящуюся к определенному бренду.

5. Определение прогнозируемых доходов от конкретного бренда, используя функцию исторических доходов, прогнозы аналитиков по стоимости капитала и темпы экономического роста.

6. Применение ставки роялти к прогнозируемым доходам для получения доходов от бренда.

7. Доходы бренда дисконтируются после вычета налогов до чистой приведенной стоимости, которая равна стоимости бренда.

В содержании оценки бренда включается:

- внутреннее понимание бренда,
- отслеживание ценности бренда,
- сравнительный анализ конкурентов,
- историческая стоимость бренда.

Сила бренда выражается рассчитываемым Индексом по 100 балльной шкале:



Рисунок – 2. Сила бренда [6]

В расчет входит оценка защищенности бренда и другие вопросы. На основании проводимой оценки компании могут определять для себя круг действий, направленных на выработку стратегий брендинга. На основании оценки стоимости бренда вырабатываются рекомендации по повышению стоимости бренда в целях роста продуктивности бизнеса и уточнения занимаемой позиции по сравнению с конкурентами.

В частности, на основании данных, получаемых с использованием данной методики маркетологам представляется возможность связать свои бренды с эффективностью бизнеса, оценивая рентабельность инвестиций (ROI), связанных с решениями и стратегиями бренда:

- оценка бренда бизнеса,
- вклад бренда,
- оценка товарных знаков,
- оценка нематериальных активов,
- аудит бренда,
- аналитика исследований рынка,
- оценка отслеживания эффективности бренда,
- прибыль на маркетинговые инвестиции,
- транзакция бренда,
- управление брендом,
- бренд-архитектура и управление портфелем,
- позиционирование и расширение бренда,
- франчайзинг и лицензирование.

Кроме того, результаты могут выступать основанием независимой оценки всех форм бренда и нематериальных активов для финансистов и аудиторов:

- оценка бренда бизнеса + вклад бренда,
- оценка товарных знаков,
- оценка нематериальных активов,
- аудит бренда,
- аналитика исследований рынка,
- прибыль на маркетинговые инвестиции,
- управление брендом,
- бренд-архитектура,
- позиционирование и расширение бренда,

- слияния, поглощения и юридическая экспертиза по повышению финансирования
- франчайзинг и лицензирование,
- управление налогами и трансфертное ценообразование,
- независимый эксперт.

Результаты оценки стоимости бренда способствуют выработке сценариев роста бизнеса. Выявление существующих возможностей, эффективное использование имеющихся ресурсов способствуют повышению эффективности развития бизнеса. Изучение зарубежного опыта управления брендами, а также предлагаемых подходов к оценке брендов может быть полезным в практической деятельности отечественных предприятий по укреплению позиций на рынке в постоянно изменяющихся условиях [7]. Кроме того, изучение зарубежного опыта управления брендами, развития представлений о ценности брендинга может способствовать повышению эффективности использования данного направления маркетинговой деятельности в стратегическом управлении деятельностью отечественных предприятий.

Сделан вывод о том, что существующие методы оценки стоимости бренда имеют различные особенности, основаны на оценке различных критериев и оснований. В то же время получаемые результаты отличаются широким диапазоном, в связи с чем необходимо использование совокупности методов оценки. Получаемая информация может использоваться в формировании стратегии маркетинга.

Список использованной литературы:

1. Послание Президента РК народу Казахстана от 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкуренция». [Электронный ресурс]: URL: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvary-a-2017-g (дата обращения 5.09.2017).
2. Келлер К.Л. Стратегический бренд-менеджмент: создание, оценка и управление марочным капиталом. – М.: Вильямс, 2005. – С. 28-59.
3. Тулембаева А.Н. Брендинг - современное оружие в конкурентной борьбе. - Журнал CITY-BUSINESS.08(09)2007.
4. Найзагарин А.А. Актуальность развития брендинга в РК. //Вестник КазНУ. 2005, №5.
5. Аакер Д. Создание сильных брендов. – М., 2008. – 440 с.
6. Годовой отчет о самых ценных брендах в России и мире. [Электронный ресурс]: URL: http://brandfinance.com/images/upload/russia_50_2017_locked_rus.pdf (дата обращения 5.09.2017).
7. Никулина К.Г. Методы оценки стоимости бренда //Экономика и управление народным хозяйством. 2012. – апрель. №4. – С. 31-36.

М.А. Канабекова¹, А.А. Маденова¹

*¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҒЫ МАҢЫЗЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасы экономикасына инвестициялардың әсері, маңызы, артықшылықтары, дамыту жолдары мен кедергілері жайлы айтылған. Қазақстан экономикасының қазіргі сәттегі даму барысында халықаралық инвестициялардың маңызы өте зор. Еліміздің тәуелсіздік алғанынан бері халықаралық инвестициялардың көлемінің айтарлықтай өсуін байқаймыз. Экономиканың қазіргідей тұрақты даму деңгейінде халықаралық инвестициялардың қарқынды өсуі байқалады, оның даму қарқыны халықаралық сауда өсуінің даму қарқынынан да әлдеқайда жоғары. Әлем елдері экономикалық даму деңгейіне қарамастан экономикалық өсімге жету үшін шетел инвестицияларын тартудың тәсілдері мен амалдарын жетілдірумен айналысады. Сауда ағымдарының, шетел инвестицияларының ағымдарының және технологияның айырбасының либерализациясы деңгейінде кәсіпорындардың нарықтағы күресі бұдан да агрессивті болып бара жатыр. Капитал, инновациялық қызмет технологиялармен, квалификацияланған адам ресурстарымен қамтамасыз етілуі және тиімді ұйымдастырушылық және басқарушылық тәжірибесі – кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады және сәйкес макроэкономикалық жағдайларда қабылдаушы елдердің экономикалық даму көрсеткіштерін өсіруге көмектеседі. Бірақ, көптеген елдер инвестиция тартқысы келетінін және ол жоғары бәсеке деңгейінде өтетінін ескеру керек. Сондықтан да шетел инвестицияларды тартуды зерттеу осы таңда өзекті мәселелердің бірі.

Түйін сөздер: халықаралық инвестиция, халықаралық сауда, экономикалық өсім, нарық, бәсекеге қабілеттілік, экономика.

Аннотация

М.А. Канабекова¹, А.А. Маденова¹

*¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

Значение и современное состояние инвестиций в экономике Республики Казахстан

В статье рассматриваются влияние, значимость, преимущества, пути и препятствия для инвестиций в экономику Республики Казахстан. В нынешнем развитии экономики Казахстана значимость международных инвестиций немаловажно. Мы наблюдаем стремительный рост объема международных инвестиций с момента приобретения независимости. Наблюдается развитие мирового хозяйства, наравне с иностранными инвестициями, его темпы превышают темпы роста международной торговли.

Все страны, несмотря на экономическую степень развития, чтобы достичь экономического роста развивают методы и пути роста международных инвестиций.

Иметь капитал, инновационные технологии, квалифицированных человеческих ресурсов и практику эффективной организации и управления – играют важную роль для конкурентоспособности предприятия и соответственно в макроэкономических ситуациях улучшает экономические показатели развития страны.

Но в инвестиции заинтересованы много стран и нужно учесть, что конкуренция на него довольно сильная. Поэтому сейчас исследование международных инвестиций является актуальным вопросом.

Ключевые слова: международные инвестиции, международная торговля, экономический рост, рынок, конкурентоспособность, экономика.

Abstract

Kanabekova M.A.¹, Madenova A.A.¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

Importance and current situation of investments in the economy of the Republic of Kazakhstan

The article examines the influence, significance, advantages, ways and obstacles for investments in the economy of the Republic of Kazakhstan. In the current development of Kazakhstan's economy, the importance of international investment is important. We have seen a rapid growth in the volume of international investment since independence. There is a development of the world economy, on an equal footing with foreign investments, its rates exceed the growth rates of international trade.

All countries, despite the economic degree of development, in order to achieve economic growth, develop methods and ways of increasing international investment.

To have capital, innovative technologies, qualified human resources and the practice of effective organization and management play an important role in the competitiveness of the enterprise and, accordingly, in macroeconomic situations, improve the economic performance of the country.

But a lot of countries are interested in the investment and it needs to be taken into account that the competition is quite strong. Therefore, now the study of international investment is an urgent issue.

Keywords: international investment, international trade, economic growth, market, competitiveness, economy.

Елбасының Шетел инвесторларының кеңесімен кезекті жиналысында қазіргі кезде Қазақстанда 20 мың кәспорын шетел капиталының қатысумен жұмыс істейді, оның ішінде 7 мыңы шикізат өндіруші салаларда еместігі айтылған болатын. Инвестицияларды тартудың жан басына шаққандағы көрсеткіші бойынша еліміз соңғы он жылда үздік үштіктің құрамында болатыны жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2017 жылғы Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты

жолдауында: «Қазақстан шетел инвестицияларын тарту ісіндегі көшбасшылығын сақтап қалуы қажет. «Астана» халықаралық қаржы орталығы ел экономикасына қаржы ресурстарын тартуда маңызды рөл атқаруға тиіс», - деп атап көрсеткен. Осыған қатысты келесідей міндеттер алға қойылды:

Қазақстанда өндірістер ашу жөнінде Қытаймен бірлескен инвестициялық бағдарламаны тиімді жүзеге асыру керек. Қытай тарапымен уағдаластыққа қол жеткізілді. Нысандар белгіленіп, нақты жұмыс істеуі қажет.

Бұл қазақстандықтар үшін 20 мың жаңа жұмыс орнын ашатын заманауи өндіріс болмақ. Қазір 6 жоба жүзеге асырыла бастады, ал 2 жоба іске қосылды. Соның бірі – гибридтік және толықтай электрлі JAC автомобильдерін ірі құрылғылардан құрастыратын зауыт.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның өз Инвестициялық стратегиясы болуға тиіс. Үкімет оны биылғы 1 қыркүйекке дейін әзірлеуі керек.

Халықаралық ынтымақтастық аясында ұлттық экономикалық мүдделерді қорғап, ілгерілету қажет. Бұл, ең алдымен, ЕАЭО, ШЫҰ ішінде Жібек жолы Экономикалық белдеуімен ұштасатын жұмыстарға қатысты. Ол үшін экономикалық дипломатия жұмысын қайта құрып, жандандыра түсу қажет [1].

Тікелей инвестицияларды тарту бірлескен кәсіпорындар ашу, еншілес кәсіпорындар ашу, мемлекеттік кәсіпорындарды шетел капиталының қатысуымен жекешелендіру, басқаруды шетелдік алпауыт өндірістік кәсіпорындарға беру және банк секторын инвестициялау арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан–2050» Стратегиясында инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым, табыстылық қағидаттарына негізделген жалпы экономикалық прагматизмді экономикалық саясаттың жаңа курсы деп анықтады. Жаңа курсқа сәйкес экономикалық әлеуетті арттыру мақсатында Қазақстанда қолайлы инвестициялық ахуал жасалуы керек. Тиімді мемлекеттік инвестициялық саясат мемлекет экономикасының даму прогресіне әсер етеді. Бұл прогресс, ең алдымен, макроэкономикалық көрсеткіштердің оң динамикасына, яғни, ЖІӨ өсімі, мемлекет азаматтарының өмір сүру деңгейін көтеру болып табылады. ҚР-ның статистикалық мәліметтеріне сәйкес, халықтың өмір сүру деңгейі жақсарғаны байқалады. Осылайша, Қазақстанда соңғы 8 жылда ЖІӨ-нің деңгейі 62,6%-ға өсті, айтарлықтай күнкөріс деңгейінен кем тұратын халықтың үлесі қысқарды, шамамен 1% кедейлік деңгейі төмендеді. Яғни бүгінде осы мәселелерге ҚР-ның Президенті ерекше көңіл бөледі және оларды шешудің оң тенденциясы инвестициялық қызметпен анықталады.

Қазіргі кезде мемлекеттің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі экологиялық, әлеуметтік, саяси, экономикалық жаһандану және дағдарыс жағдайындағы елдің экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты озық экономиканы, жаңа эконо-

микалық тұтқаны және елдің даму тұрақтылығын қалыптастыру үшін инвестициялық даму жобаларын пайдалану қажеттіліктерін анықтау керек [2].

Біздің еліміздің мемлекеттік инвестициялық саясатының басты мақсаты бюджеттік емес қаржыландыру көздеріне жағымды орта қалыптастыру және отандық және шетелдік инвестиция көздерін тиімді инвестициялық проектiлердiң мемлекеттiк қолдау мақсатында тарту болып табылады.

Елімізге тұрақты құны бар бірнеше экономикалық секторлар бар: табиғи ресурстарды дамыту, инфрақұрылым, байланыс және ақпарат. Бұл секторларды дамыту тек экономикалық өсуге әсер етіп қана қоймай, әлеуметтік салаға да, Қазақстанның әлемдік ұйымдарға бірігуіне де әсер етеді. Бұл капиталды қажет ететін салалар, олардың дамуы үшін шетелдік капиталды ғана қажет етіп қана қоймай, мемлекеттің қатаң стратегиялық бақылауы да қажет.

Нарықтық қатынастарға назар аудара отырып, экономикалық реформалардың негізгі бағыты экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және экономиканың тиімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттің инвестициялық саясатының дамуы мен жүзеге асырылуы болып табылады. Қазіргі жағдайда республиканың экономикасына шетел капиталын тарту, үкіметтің реформаларды тереңдету бағдарламасының және шектеулі ішкі қаржыландыру көздері жағдайында, экономиканың құрылымдық өзгерісін қамтамасыз ету үшін өте маңызды.


Мемлекеттің экономикасын дамыту үшін елдер арасындағы өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі болып табылатын шетелдік инвестицияларды тарту және тиімді пайдалану қажет.

Шетелдік инвестициялардың көмегімен Қазақстан экономикасының индустриалды құрылымын жетілдіру, жаңа жоғары технологиялық өндірістерді құру, негізгі құралдарды жаңғырту және көптеген кәсіпорындардың техникалық қайта жаратқандырылуы, мамандар мен қызметкерлерді даярлау, озық менеджменттерді енгізу, маркетинг және ноу-хау жетістіктерін енгізу, ішкі нарыққа бір мезгілде жоғары сапалы отандық өнімдермен толықтыру мен қатар шет елдерге экспортты ұлғайту мүмкін болады.

Қазақстан экономикасына шетелдік инвестициялар тарту – объективті қажетті үдеріс. Көптеген елдердің әлемдік тәжірибесі шетелдік капиталдың түсуі және оларды пайдалануды мемлекеттік реттеу экономикаға оң әсерін тигізетіндігін көрсетеді.

Инвестициялар орта және төмен экономикалық даму деңгейі төмен елдерде жеке кәсіпкерлікті құру мен нығайтуға ықпал етеді, күрделі жобаларды жүзеге асыру үшін капитал тартуды, қарыз капиталының нарығында аралас компаниялар құру арқылы жеңілдетеді. Дағдарысты еңсеру стратегиясы мен тактикасы Қазақстан экономикасының әлемдік экономикалық қарым-қатынастарға қаншалықты сәтті енуіне байланысты [3].

Инвестиция ел экономикасын ілгерілетудің қозғаушы күші екендігі белгілі. Осыған байланысты тәуелсіздік алған жылдар ішінде еліміздің экономикасына тікелей шетел инвестицияларын тарту мәселесіне ерекше басымдық беріліп келеді. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыру барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі өлшеусіз екендігін ерекше атап айту парыз. Тәуелсіз Қазақстанды төрткүл дүниеге түгел әйгілеп, әлемнің ең ірі инвесторларын тартуда Мемлекет басшысы шынайы көшбасшылық қарымдылық танытты. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы бүкіл ТМД мемлекеттерінің ішіндегі экономикасына ең көп шетел инвестициясы құйылған ел болып табылады. Мәселен, Ұлттық банктің дерегі бойынша, тек соңғы 10 жыл көлемінде ғана, яғни 2005-2015 жылдар аралығында Қазақстан экономикасына 237 миллиард АҚШ доллары көлемінде тікелей шетел инвестициясы тартылған екен [4].



Ескерту: [4] дерек көзі негізінде жасалған

Жақында әлемдегі беделді Doing Business агенттігінің бизнес жүргізу ахуалын зерттеген арнайы баяндамасы жарық көрді. Осы сараптау негізінде Қазақстан әлем елдері арасында бизнес жүргізу мәселесі бойынша бұдан бұрынғы 41-ші орындағы көрсеткіштерін едәуір жақсартып, 35-ші орынға көтерілді. Осы әлемдік сараптау негізінде Қазақстан бірқатар көрсеткіштер бойынша әлемнің ең дамыған елдерінен де қара үздіріп, көш бастады. Мәселен, «Миноритарлық инвесторларды қорғау» көрсеткіші бойынша еліміз жаһандық бәсекеде 3-ші орынды иеленсе, бизнес жүргізу заңдарын жетілдіру мәселесінде ерекше жетістіктерге қол жеткізген әлемдегі алғашқы ондықтағы мемлекеттердің қатарынан ойып тұрып орын алды. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы бойынша еліміздің Инвестициялар және даму министрлігінің «KAZNEX INVEST» инвестиция және экспорт жөніндегі ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамы Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын одан әрі арттыру, инвестициялық саясаттың тиімділігі мен икемділігін жақсарту мақсатында кешенді шараларды іс жүзіне асыруда және олардың қалтқысыз орындалуын қамтама-

сыз етіп келеді. Сонымен бірге, 2015 жылы Мемлекет басшысының ел экономикасына инвестиция тартуды одан әрі жетілдіруге байланысты нақты тапсырмаларына орай Инвестиция тарту жөніндегі үкіметтік кеңес құрылды. Бұл кеңестің жұмысын негізгі үш бағыт бойынша жүргізу көзделінуде. Біріншіден, мемлекет-жекеменшік әріптестігі жобаларына және жекешелендірілген нысандарға инвестиция тарту; екіншіден, жалпы инвестициялық ахуалды жақсарту; үшіншіден, трансұлттық компаниялардан тікелей шетел инвестицияларын тартуды қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекет тарапынан жүйелі түрде жүргізілген осындай кешенді шаралар өзінің игі нәтижелерін көрсетуде. Соңғы жылдары ел экономикасына тартылған тікелей шетел инвестициялар ауқымында азиялық көшбасшы елдердің үлесі қомақты. Оның ішінде Қытай Халық Республикасының еліміздің экономикасына әкелген инвестициясы көш бастап тұрғанын ерекше атап өткен жөн. «Нұрлы жол» бағдарламасының шеңберінде көлік-инфрақұрылымдық, өнеркәсіптік, құрылыс материалдары, жол-құрылыс техникаларын шығару және қайта өңдеу салаларының нысандары бойынша 51 ірі жобаны жүзеге асыру белгіленді. Осы жобаларға байланысты Қытайдан келетін тікелей инвестиция 26,2 миллиард доллар көлемінде болмақ. Сонымен бірге, еліміздің экономикасына Жапония мен Оңтүстік Кореядан келген инвестиция көлемі де ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Мәселен, Ұлттық банктің мәліметі бойынша, азиялық мемлекеттерден ел экономикасына тартылған тікелей шетел инвестициясы көлемінің ішінде Жапонияның үлесі 24 пайызды құраса, Оңтүстік Кореяның үлесі 16 пайызға тең екен. Осы ретте ірі шетел инвесторлары қатарында 2015 жылдан Астана қаласында автомобильдерді өңдеу жөніндегі логистикалық терминал құрылысының жобасын жүзеге асыра бастаған «NYK Line» атты жапониялық компанияны және Шымкент қаласындағы әуежайды жаңғырту жобасын қолға алмақ болып отырған «Jalux» атты екінші Жапония компаниясын, сонымен бірге полиметалл рудаларын зерттеу жұмысы жөніндегі жобаны жүзеге асыра бастаған «KORES» атты Оңтүстік Корея компаниясын ерекше атап өтуге болады. Әлемдік экономикада орын алған қаржы-экономикалық қиындықтарға қарамастан, Қазақстан соңғы кезде инвестиция салуға ең қолайлы мемлекеттер рейтингінде үздіктер қатарынан көрінуде. Оған өткен жылы ел экономикасына тартылған тікелей шетел инвестициясының көрсеткіші нақты дәлел. Ұлттық банктің мәлімдеуінше, 2016 жылы ел экономикасына тартылған тікелей шетел инвестициясының көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 40 пайызға өсіп, 20,6 миллиард АҚШ долларын құраған екен [5].

Инвестициялық қызмет үшін жағымды жағдайлар қалыптастыру үшін мына мәселелерді қолға алу керек:

- салық жүйесін, амортизациялық аударымдарды пайдалану және амортизацияны есептеу механизмін жетілдіру;
- инвестициялық қызмет субъектілеріне арнайы салық режимдерін белгілеу;
- инвесторлардың мүдделерін қорғау;
- инвестициялық қызмет субъектілеріне жерді, басқа да табиғи ресурстарды пайдалану жеңілдіктерін беру;
- инвестициялық қызмет субъектілеріне рейтинг өткізетін және рейтингтік бағаларды жариялайтын ақпараттық-сараптама орталықтарын құру және дамыту;
- монополияға қарсы шараларды қабылдау;
- несиелендіруді жүзеге асыруда кепілдерді қолдану мүмкіндігін кеңейту;
- инвестициялық қызмет субъектілерінің меншікті инвестициялық қорларды құруына мүмкіндік жасау;
- инфляция қарқынына байланысты негізгі қорларды қайта бағалауды жүргізу.

Келешекте қолайлы инвестициялық белсенділікті күшейту үшін келесі шаралар ұсынылады:

- шетел фирмаларымен біріккен жобаларды дайындау және жүзеге асыруды үйлестіру;
